

Жекешелендіруге жататын мемлекеттік меншік объектілері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 22 қаңтардағы N 19

1. Жеке жобалар бойынша жекешелендіруге жататын мемлекеттік меншік объектілерін, сондай-ақ мемлекеттік меншіктің ерекше халық шаруашылық маңызы бар басқа да ірі объектілерін сатып алу-сату және концессияға, шетелдік және отандық инвесторлардың басқаруына беру жөніндегі барлық шарттарға (келісімдерге, келісім-шарттарға) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Қаржы министрлігімен және тиісті салалық министрліктермен немесе уәкілетті органмен келісілгеннен кейін ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне алдын ала хабарлағаннан кейін ғана Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті қол қояды деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.04.07. N 43
өкімімен. R 9 9 0 0 4 3 _

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р